

Циклограмма
I-апта (30 -03 Қыркүйек айы)
Ересек «Лашын» тобы (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Балабақша».
Апта тақырыбы: «Менің балабақшам».

Күн тәртібі.	Уақыты.	Дүйсенбі 30.08.2021ж «Ата заң күні»	Сейсенбі. 31.08.2021ж	Сәрсенбі 01.09.2021ж	Бейсенбі 02.09.2021ж	Жұма 03.09.2021ж
Балаларды қабылдау, Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар, таңғы жаттығу.	8.00-8.40.	Т әрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын , көңіл күйін сұрау , киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп , топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу. Жаттығулар кешені. Көркем сөз Ойын –жаттығу. Бір,екі , үш. Бойға жинап күш! Дененді шынықтырып, Мөлдір суға түс!				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу, астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы , дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Тамақты жегенде аузын жауып , асықпай жеуді пысықтау. Дастархан ау, дастархан. Берекелі дастархан, Мерекелі, дастархан, Жайылып тұр дастархан. Балаларға астарының дәмді болуын айту.				
Ойындар(саусақ және қимылды ойындар) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу Мектепке дейінгі ұйым	9.00-9.10. 9.10-10.35.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар 1. Саусақ ойыны. «Алыптар мен балықтар». Екі алақаныңды бір-біріне қаратып саусақтарыңды жазып , аузын қатты ашқан үлкен китке ұқсат., саусақтарыңды біріктіріп, , алақандарыңды бір-біріне тигізіп				
		2. Қимылды ойын. «Телефон». «Бағбан», сөзін шеңбер бойымен бір-біріне құлағына сыбырлау арқылы , ең соңғы баладан қандай сөз естігендігін сұрау	3. Саусақтардың ұсақ моторикасының дамуы: . «Жыл мезгілдері » Мұзда қар ерісе, өлең айтар , өзендер. Маңдайдың ортасынан , құлақтың жоғарғы ұшына дейін , екі қолымен сипалайды.	4. «Жаңбыр » Шатырда жаңбыр , ойнаса . бірде қатты , бірде жәй. Маңдайдың ортасынан , құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымсен ұрғылайды	5. Қимылды ойын: «Балапандарды тамақтандыру» Қолдарымен жем шашып тұрған бейнені көрсету , балаларды шапшаң болуға үйрету.	

<p>кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.</p>		<p>, кішкентай балыққы ұқсат.</p>				
		<p>1. Сөйлеуді дамыту. Т: «<i>Менің сүйікті балабақшам</i>». М: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынасын нығайту. Дидактикалық ойын: «<i>Дос болайық бәріміз</i>» Ойынның мақсаты: Ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді: орындыққа көтерілу және түсу; үстелдің астынан өту; «көлді» айналып өту»; «ну орман» арқылы өту»; «жабайы жануарлардан» жасырыну. Ойын барысында балалар өз еріктесінен қалып қоймауы керек. 2. Музыка</p>	<p>1. Орыс тілі Т: «<i>Мой любимый детский сад</i>» 2. Дене шынықтыру. Т: Жүру 1. Тапсырманы орындай отырып, бір-бірлеп Тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен теппе-теңдікті сақтап жүру. Төрт шығыршық (диаметрі 50см), екі таяқта (ені 20 см) балалардың санына қарай жалаушалардың саны. Екі аяқпен секіріп тұру 1. Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету;</p>	<p>1. Математика негіздері. Т: «<i>Бір және көп, заттарды салыстыру және арасындағы сәйкестіктерді орнату...</i>». М: заттарды санынына қарай салыстыруға, бір затпен, көп затты айыру қабілетін нығайту. Дидактикалық ойыны № 1 «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. 2. Жапсыру. Т: «Күзгі жапырақ». М: қағазбен күзгі жапырақтарды жасауға үйрету, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Көрнекілік құралдар: сары, қызыл түсті қағаз, желім, ақ қағаз тақырып бойынша суретер Дидактикалық ойын «Жыл мезгілдері»</p>	<p>1. Жаратылыстану. Т: «<i>Балабақша бөлмесі</i>». М: Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру. Дидактикалық ойын «Паровоз» Ойынның мақсаты: Ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын ілестірінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету. 3. Дене шынықтыру. Т. Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру 1. Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру;</p>	<p>1. Дене шынықтыру. Бір орыннан ұзындыққа секіру 1. Бір орыннан ұзындыққа секіруді үйрету. 2. бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. 3. Жоғарыға қарай лақтыруға және оны қағып алуға жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру. Жіптер, лақтыру үшін қалталар және доптар. Тепе-теңдік 1. Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Әр балаға екі сылдырмақтан, дабыл, жіп және арқан, гимнастикалық орындық, шығыршық (диаметрі 1 м), қапшық, орындықтар және</p>

		<p>Т. Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағып алу. Доптар (футбол, баскетбол, волейбол доптары), доптар әр балаға беріледі, тақтайдың ені 20 см және оның биіктігі 30 см, орындықтар, төсеніштер, текшелер.</p> <p>3.Сурет салу Т: «Дәмді алмалар». М:Алманың суретін сала білуді үйрету.Алма жемісінсалуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу.</p> <p>Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат» Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру,есту,қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>Көрнекіліктер:әр түрлі жапырақтар</p> <p>Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру,қай ағаштың жапырағы екенін табу.</p>	<p>Мақсаты:Балаларды н жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.</p> <p>Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.</p> <p>Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққа</p> <p>3.Музыка. Т; «Мұғ . жоспары бойынша .</p>	<p>жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. Бөрененің үстінде жүру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру. 	<p>гимнастикалық таяқшалар, қапшықтар.</p> <p>2.Көркем әдебиет. Т: «Біздің балабақшада» М:Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дидойын «Адал достар» Ойынның мақсаты: Ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен короводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балаларда тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек сұтқаруы керек. Ол үшін «сұтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.</p>
--	--	----------------------------------	---	---	---	---

<p><i>Серуенге дайындық Серуен.</i></p> <p><i>Серуеннен оралу</i></p>	<p>10.35-12.30.</p>	<p>Киіну :реттілік , серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу 1. Бұлтты бақылау Мақсаты:Балаларға бұлттың неге ұқсайтыны қай бағытқа көшіп жатқанын бақылап әңгімелеу. 2;Аула сыпырушының еңбегіне бақылау жасау , 3. Мақсаты:Балалар аула сыпырушының еңбегін бағалап , алаңқайда шашылған ағаш бұтақтарын ұжым болып жинау. Қимылды ойындар : «Ақ қоян », Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа , ұжымдық жұмыс жасауға баулу. 4.. «Жеке баламен жұмыс». Мақсаты:Балалардың сөздік қорын молайту, және тілін дамытып ұғымын кеңейту , сен білесің деген сөзбен баланы ынталандыру. Балаларды ұқыптылыққа үйрету. Мақсаты : Белгілі жүйелікте киімдерін шешу.. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.</p>
<p><i>Түскі ас.</i></p>	<p>12.30-13.00.</p>	<p>Жуынсаң сен әрдайым. Таза бетің маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенің осы.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Кесе шыны ,пиала. Оларсыз тамақ ,құяма. Дәмді тағам жейміз. Бәріне ас ,болсын дейміз.</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>
<p><i>Ұйқы</i></p>	<p>13.00-15.10.</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.</p>
<p><i>Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары.</i></p>	<p>15.10-15.40.</p>	<p>Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру . Киімдерін өздігінен киіну.Киіміндегі кемшіліктерін жөндеу.Қыз балалар шаштарын тарап,жинап алу.</p>
<p><i>Бесін ас</i></p>	<p>15.40-16.00.</p>	<p>Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.</p>

Циклограмма

II-апта 06 – 10 Қыркүйек айы
Ересек «Лашын» тобы (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Балабақша».
Апта тақырыбы: «Менің достарым».

Күн тәртібі.	Уақыты.	Дүйсенбі 06.09.2021ж	Сейсенбі 07.09.2021ж	Сәрсенбі 08.09.2021ж	Бейсенбі 09.09.2021ж	Жұма 10.09.2021ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу	8.00-8.40.	Т әрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын , көңіл күйін сұрау , киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп , топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
		Жаттығулар кешені. Ойын –жаттығу. Айнала тал терек. Желпиді желегін, Күн сайын ертерек, Бақшаға келемін.				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-09:00	Тамақтану алдында қолын жуу,астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы ,дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.Тамақты жегенде аузын жауып ,асықпай жеуді пысықтау.				
		Дастарханыңнан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін, Асың дәмді болсын. Дастраханың мол болсын.				
Ойындар(саусақ және қимылды ойындар) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	9.00-9.10.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				
		1.Саусақ ойыны. «Ара». Алақандарыңды жазып ,араның қанатын келтір.Саусақтарыңды аюдың аяғы деп ойла да, парта бетіне жүргіз. керек.	2. Қимылды ойын. «Көктемгі көбелек». Балалардың алақан мен саусақтары арқылы көбелек жасай алу, және нәзік болып көбелекше ұшу,,ойлау қабілеттерін ,зейінін қиялын арттыру.	3.Саусақтардың ұсақ моторикасының дамуы: . «Қимылды қайтала» ,қолдың саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.Балаларға қарама-қарсы отырып,саусақтарымен кез-келген фигураны көрсетеді.(кейбір саусақтар бүгулі,ал	4. «Торғай мен түлкі». Кішкентай саусағыңмен торғайдың аяғын келтіріп, қалған саусақтарыңды жұмып, торғайдың денесін жаса.Екі қолыңның саусақтарын торғайдың қанатына ұқсатып жазып , ұшқан қимыл жаса	5. Қимылды ойын: «Тым -тырақай». Ойында балалардың өздігінен бірігуін, бағдарлай білуін жетілдіру.

				кейбіреуі түзу, әр түрлі қимылдар), қайтала.		
<i>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша, ұйымдастырылған оқу қызметі.</i>	9.10-10.35.	<p>1. Сөйлеуді дамыту. Т: «Ойыншықтар достығы». М: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтар аттарын атай білуге, оларды сипаттап айта білуге үйрету. Дидактикалық ойын «Адал досқа арналған ашық хат» <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Т. «Жануарлар біздің достарымыз» М: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын «Жануарларды қалай күту қажет?» Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>1. Құрастыру. Т: «Доптар». М: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішішін, көлемін ажырата алуға үйрету. 2. Дене шынықтыру. Т: Баскетбол ойынының элементтері Допты екі қолмен қағып алуға үйрету. 2. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. 3. Допты еденге соғуға жаттықтыру; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру. Бала санына қарай шығыршықтар, баскетбол доптары, кегельдер және волейбол торы. Допты домалату 1. Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бір бағытты ұстап, бір біріне допты домалату; доғаның астына</p>	<p>1 Математика негіздері. Т: «Заттарды санау (Күз), Оң жақта, сол жақта .». М: Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттарды теңестіру, жыл мезгілдері (күз), туралы түсінігін нығайту. дидактикалық ойыны «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. 1-нұсқа. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. 2-нұсқа. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын</p>	<p>1. Жаратылыстану Т.: «Құстар-біздің досымыз» М: Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру. Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Көрнекіліктер: құстардың суреттері. Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы) 2. Сурет салу</p>	<p>1. Дене шынықтыру. Т: Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру 1. Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. 2. Көркем әдебиет Т: «Адал дос». М: Адал дос туралы түсінік беру, адалдық қасиеттерін дамыту, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-</p>

		<p>Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.</p> <p>Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.</p> <p>- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық: Жануарларды жақсы көру керек. Жануарларды күту керек. Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек. Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды.</p>	<p>еңбектеп өту. Бала санына қарай доп, білте тақтайшалар немесе бағдарлауға арналған жіптер.</p>	<p>айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. 2.Мүсіндеу. Т: «Балық». М: Балық туралы мағлұмат беру, балықтың дене құрылысы туралы білімдерін кеңейту, ермексаз кесектерінен , ұзу, жаншу, созу, тәсілдерін үйрету. М: 3. Музыка. Т; «Мұғ . жоспары бойынша .</p>	<p>Т: «Жапырақтар түсуде». М: Балаларды қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіре үйрету. М: 3.Д ене шынықтыру. Т: Бөрененің үстінде жүру 1. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру.</p>	<p>құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің ғартымдылығын айтып, мақтайды.</p>
<p><i>Серуенге дайындық Серуен.</i></p>	<p>10.35-12.30.</p>	<p>(Киіну :реттілік , серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу, 1. Табиғатты бақылау. Мақсаты:Балалардың табиғат жайлы ұғымдарын тиянақтау, табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға ,оған қамқор бола білуге тәрбиелеу. 2;Аула сыпырушының еңбегіне бақылау жасау , Мақсаты:Балалар аула сыпырушының еңбегін бағалап , шашылған жапырақтарды,,ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. 3.Қимылды ойындар : «Тақия тастамақ », Мақсаты:Шеңбер бойымен отырып шапшаңдыққа үйрету, ұжымдық ойнауға баулу. 4.. «Жеке баламен жұмыс». Мақсаты:..Етрегі оқып беру,Ағштар ұйықтайма?күз мезгіліндегі ағаштар қандай түсте болады жеке баладан сұрау ,сен білесің деп баланы ынталандыру.</p>				

Серуеннен оралу		<p>Ұқыптылыққа үйрету. Мақсаты : Белгілі жүйелікте киімдерін шешу.. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.</p>				
Түскі ас.	12.30-13.00.	<p>Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын,суды аямай. Тазалықты ұғайық.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Тамақ ішер кез келді Ойнамаймыз, күлмейміз, Тамақтан басқасын Көзімізге ілмейміз.</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>				
Ұйқы	13.00-15.10.	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары.	15.10-15.40.	<p>Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер үстімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру .</p>				
Бесін ас	15.40-16.00.	<p>Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.</p>				
Вариативтік компонент	16.00-16.30.	<p>«Көңілді корабль» мозайка ойыны. Балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қабілеттерін дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, бейнені құрастыра білуге үйрету.</p>	<p>Логика «Терезелі үй». М:Балаларды 2түрлі фигура (дөңгелек , шаршы) мен 2әртүрлі көлемдегі заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып пішініне және көлеміне қарай</p>	<p>«Бұл қай кескін». М;Балалардың өздеріне таныс геометриялық кескіндерді ажыратып атай білуге жаттықтыру.Дидактикалы қ ойындар арқылы есте сақтау ,қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.»</p>	<p>«Пластинография» Т:«Күзгі жапырақтар» Күз туралы білімдерін тиянақтау,өлеңдегі бейнелі сөздерді табиғат ерекшелігімен салыстыра, талдай білуге үйрету.</p>	<p>«Дидактикалық ойын». «Қайсысы нені жақсы көреді».. (мысық, ит, тауық,қой), Балалардың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс			топтастыруға үйретту			
		«Жыл мезгілі». Мақсаты:Балалардың жыл мезгілін білу,бір жылда неше ай бар ?Күз қай айдан басталады?Күз айларын ата?. Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу.	Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Таным». «Ертелілер елінде» пазл ойыны. Балалардың танымдық ойлау қабілеттерін арттыру,өздеріне сенімді болуға ,ұжымдық жұмысты дұрыс атқара отырып ,бір-бірінң еңбегін бағалауға тәрбиелеу	«Мақта қыз бен мысық»ертегісін әңгімелеп беру. М:Балалардың сабақты зейін қойып тыңдау қабілетін арттыру.Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне қарай әсерлі көңіл күй білдіре отырып ертегі мазмұнындағы ерекшеліктерін байқау	«Көңілді пішіндер». М:Балаларға сезім дамыту оқу іс-әрекеті бойынша өткен тақырыптарды еске түсіріп,білімдерін ойын арқылы жетілдіріп б«Күз»өлең. М:өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру,өлеңді жатқа айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.екіту	. Әңгіме құрастыру. «Әжең туралы әңгімелеу». Мақсаты:баланың сөздік қорын жақын туыстарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. «Кімнің көйлегі қандай», М:Балалардың заттың түсін ажыратып,ойын үстінде ауыз екі сөз құрастыра сөйлеуді қадағалау.
Серуенге дайындық.	16.30-16.40.	Киіну: серуенге шығу ,киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
Серуен.	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу . Шеңберге тұрып, аулаға ұшып келген құстардың дауысын тыңдап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау және тәрбиеге баулу.	Логопедтің кеңесі: Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу.	Психолгтың кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту ,сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды ,өзін қалай ұстау қажет екенін балаларға түсіндіру.	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д.И.И.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.С.С.

Циклограмма
III-апта (13 – 17 Қыркүйек айы)
Ересек «Күнишуақ» (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Балабақша».
Апта тақырыбы: «Менің отбасым».

Күн тәртібі.	Уақыты.	<i>Дүйсенбі</i> <i>13.09.2021ж</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>14.09.2021ж</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>15.09.2021ж</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>16.09.2021ж</i>	<i>Жұма</i> <i>17.09.2021ж</i>
Таңертенгі қабылдау, ойындар таңғы жаттығу	8.00-8.40.	Т әрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын , көңіл күйін сұрау , киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп , топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
		Жаттығулар кешені Ойын –жаттығу. Құлпыра берші кең дала , Гүлінді мен терейін . Жапырағыңмен жасыршы Қойнына мен енейін.				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу, астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы ,дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Тамақты жегенде аузын жауып , асықпай жеуді пысықтау.				
		Тамақ ішер кез келді Ойнамаймыз, күлмейміз, Тамақтан басқасын Көзімізге ілмейміз.				
		Балаларға астарының дәмді бол уын айту.				
Ойындар(саусақ және қимылды ойындар) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу. Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойыншы ұйымдастырылғ	9.00-9.10. 9.10-10.35.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				
		1.Тіл жаттығулары. «Қасқыр» - Орманға келемін, Бүлдірген теремін. Сұр қасқыр кеп қалса, Тез қашып кетемін. –р-р-р. Қасқыр болып (-р-р-р) деп айтады.	2. Қимылды ойын. «Пішінді жаса». Қолдарымен әртүрлі пішіндер жасап, қимылдайды.	3.Саусақтардың ұсақ моторикасының дамуы: «Торғай мен түлкі». Кішкентай саусағыңмен торғайдың аяғын келтіріп, қалған саусақтарыңды жұмып, торғайдың денесін жаса. Екі қолыңның саусақтарын торғайдың қанатына ұқсатып жазып, ұшқан қимылда	4.Жұмбақтарды шешу. Балаларды жұмбақтарды шешуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек туралы жұмбақтарды шешу).	5. Тіл ұстарту жаттығуы «Керісінше айт». «Таң» десе, «кеш». «күн» десе, «түн». «Жарық», «қараңғы» деп тілдерін жаттықтырады.

<p><i>ан оқу қызметі.</i></p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Өзінің отбасы туралы әңгіме». М:Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Дидактикалық ойын:«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен</p>	<p>1. Орыс тілі Т «Моя семья» 2. Дене шынықтыру. Т. Қапшықты нысанаға лақтыру 1.Қапшықтың нысанаға лақтыруға үйрету. 2. Көзбен мөлшердей білуді дамыту. 3. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру. Әр балаға гимнастикалық таяқша беріледі, лақтыруға арналған қапшықтар, гимнастикалық баспалдақ.</p>	<p>1.Математика негіздері Т: «Сол жақта ,ортада ,оң жақта шеңбер, шаршы , туралы өткенді пысықтау...». М:заттардың кеңістікте орналасуын анықтай білу,дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын «Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны Мақсаты: Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту. 2.Жапсыру. Т: «Менің үйім». М: қағазбен үй жасауға үйрету,ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. М: 3.Музыка. Т; «Мұғ . жоспары бойынша.б</p>	<p>1.Жаратылыстану. Т.: «Менің отбасым» М:Отбасы мүшелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын «Қажетті сөзді тап». Мақсаты: Тапқырлыққа, ойланып жауап беруге, сықақ сезімін дамыту 2.Сурет салу Т: «Атамның тақиясы». М:қазақтың ұлттық баскиімі ою-өрнекпен әшекейлей білуге үйрету. Сергіту сәті: Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ,нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ 3.Дене шынықтыру. Т: Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар 1.Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. 2. қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету. 3. мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету</p>	<p>1.Дене шынықтыру. Т: Шыбынбике Шыбынгүл 1. Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике Шыбынгүл» ертегі өлеңінен үзінді жаттату. 2. адамгершілік қасиеттерін дамыту. 3. арқан арқылы секіруге жаттықтыру; өз өзін уқалауға жаттықтыру. Әр балаға секіртпе, ұзын секіртпе, арқан Доппен жұмыс 1. Бір біріне доптыкеуде тұсынан лақтыруға үйрету. 2. ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. қолды әр түрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. Бала санына қарай қапшықтар мен доптар. 2.Көркем әдебиет. Т: «Отбасындағы сыйластық» М:Отбасы мүшелерін дұрыс атауға құрметтеуге үйрету. Дидактикалық ойын</p>
-------------------------------	---	---	--	--	--

		<p>көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым селеді!» және т.б. деп айтады.Балалар гапсырманы жүппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды</p> <p>2.Музыка Т. Мұғ . жоспары бойынша.</p>			<p>керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Әр бала санына қарай: доп, бор, ұзын резеңке, қуыршақ салынған бесікарба, арқан, үлкен шығыршық, он кегель, төрт гимнастикалық таяқшалар.</p> <p>Қимылды ойын: «Мен спортсмен» Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа,мықтылыққа баулу.Ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсаты: елгезектікке, ата- аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты тақтырып, мынадай қағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік қағдайда өздері ойтқандай әрекет етуді айтады.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>10.35- 12.30</p>	<p>Киіну :реттілік , серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу, 1. Жапырақтардың түсуін бақылау.</p>				

<p><i>Серуен.</i></p> <p><i>Серуеннен оралу</i></p>		<p>Мақсаты: балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына назар аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету.</p> <p>2:Гүлзардағы еңбек. Гүлзардағы солған өсімдіктердің қалдықтарын тазарту.</p> <p>Мақсаты: балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір-біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету.еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылды ойындар : «Арқан тарту»,</p> <p>Мақсаты: балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым қатынасын дамыту.</p> <p>4.. «Жеке баламен жұмыс».</p> <p>Мақсаты:..Балалардың сөздік қорын молайту, және тілін дамытып ұғымын кеңейту , сен білесің деген сөзбен баланы ынталандыру.</p> <p>5. Балаларды ұқыптылыққа үйрету.</p> <p>Мақсаты : Белгілі жүйелікте киімдерін шешу.. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.</p>
<p><i>Түскі ас.</i></p>	<p>12.30- 13.00</p>	<p>Жуынсаң сен әрдайым. Таза бетің маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенің осы.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p> <p>Тамақ ішер кез келді Ойнамаймыз, күлмейміз, Тамақтан басқасын Көзімізге ілмейміз.</p>
<p><i>Ұйқы</i></p>	<p>13.10- 15.10</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.</p>
<p><i>Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары.</i></p>	<p>15.10- 15.40</p>	<p>Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру .</p>
<p><i>Бесін ас</i></p>	<p>15.40- 16.00</p>	<p>Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу.</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.</p>
<p><i>Вариативтік</i></p>	<p>16.00-16.-</p>	<p>«Жайлауда»өлең. 1.Логика «Емдік өсімдіктер», Әріптер әлемі № 4</p>

<i>компонент</i>	30	М:өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру,өлеңді жатқа айтуға үйрету.	«Әтешті құрастырамыз». М:көлемі бойынша сахиналарды таңдай отырып,пирамиданы жинауға үйрету.	М,Балаларды емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстырып ,шөптің түрлерімен таныстыру,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	«Табиғат ерекшелігімен танысу» М:Балаларды күзде қандай өзгерістер болатыны жөнінде балалармен әңгімелесу арқылы танысу.	Дидактикалық ойын. Қиынды суреттер: «Иттенр менің достарым». М: Балалардың назарын әртүрлі көлемдегі заттарға аудару.
		Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. «Сикырлы қапшық» Қапшықтың ішіне қиыр мен қызанақ салынады.Балаларға қапшықтың сыртынан ұстап ,қияр мен қызанақты ажыратып ,сипаттама берулерін сұрайды.	«Пирамида » Пирамаиданың төменде үлкеннен басталып, жоғарылаған сайын кішірейе беретініне балаларды назар аударту.	«Мозайкамен жұмыс ». Қиынды суреттерден балықтардың бейнесін құрастыру , балалардың ой қабілеттерін дамыту	№3 «Дидактикалық ойын». «Тігінші».бірнеше матаның қиықтарын алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретте бейнеленген киімнің тұсына кою.	Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Қатынас». «Тауық және балапандар», сурет бойынша әңгімелеу. Үй құстары және балапандары туралы білгендерін толықтыру.
<i>Серуенге дайындық.</i>	16.30-16.40.	Киіну: серуенге шығу ,киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
<i>Серуен</i>	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу . Шеңберге тұрып, аулаға ұшып келген құстардың дауысын тыңдап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу. Қиынды суреттерден «Ормандағы қоян ның суреті». Мақсаты:ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекке баулу:ауладағы жапырақтарды тазалау. . Мақсаты . мейірімділікке , қамқорлыққа тәрбиелеу, жақсылық жасауға үйрету.				
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау	Логопедтің кеңесі: Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу.	Психолгтың кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту ,сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды ,өзін қалай ұстау	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа,

		және тәрбиеге баулу.		Отбасында ата-аналарына көмектесу.	қажет екенін балаларға түсіндіру.	ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу.
--	--	----------------------	--	------------------------------------	-----------------------------------	---

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д. Сұлтан

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н. Емәт

Циклограмма
IV- апта (20 – 24 Қыркүйек айы)
Ересек «Күниһуақ» (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Балабақша».
Апта тақырыбы: «Мен және қоршаған орта».

Күн тәртібі.	Уақыт ы.	Дүйсенбі 20.09.2021ж	Сейсенбі 21.09.2021ж	Сәрсенбі 22.09.2021ж	Бейсенбі 23.09.2021ж	Жұма 24.09.2021ж	
Балаларды қабылдау, Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу (5мин).	8.00-8.40.	Тәрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын , көңіл күйін сұрау , киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп , топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.					
		Жаттығулар кешені. Ойын –жаттығу. Топ, топ, добым домалақ. Қайда кеттің домалап. Бір,екі,деп,екі ұрдым. Шатырға сен секірдің..					
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу,астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы ,дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.Тамақты жегенде аузын жауып ,асықпай жеуді пысықтау.					
		Мол дастархан жайылды. Тәтті тағам қойылды. Атап-атап ас қойдық Бәрін ішіп қойдық					
		Балаларға астарының дәмді болуын айту.					
Ойындар(саусақ және қимылды ойындар, тіл және тыныс алу жаттығуы.) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	9.00-9.15.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар					
		1.Саусақ ойыны. «.Тышқан», Үш саусағыңды түйістіріп, тышқандардың жүрісін сал.Алақандарыңды бір-біріне жақындатып, тышқанның інін жаса.	2. Қимылды ойын. «Апта күндері» Тәрбиеші бұйрығымен , дүйсенбі бірадым алғыға десе , тұрып қалмай алдыға шығу керек .Бұдан кейін балалдар кезекпен ауысып тақтаға шығады.	3. Саусақтардың ұсақ моторикасының даму мүмкіндіктері. «Қимылды қайтала » Қолдың саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту, балаларға қарама-қарсы отырып , саусақтармен кез-келген «фигураны», көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар), балалар сол қимылды тура солай қайталау керек	.5. Тыныс алу жаттығулары. «Тук-тук». Түзу тұрып , қолдарын иығына ұстау, демін ішке алғанда белді айналдыра , шынтақтарын артқа жіберіп, тұрып, демін сыртқа шығарады.	5..Тіл жаттығулары: «Толқын» Ауызды ашып тілді оң жаққа, сол жаққа төменге , жоғарыға қозғалту арқылы толқын жасау.	

<p><i>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.</i></p>	<p>9.15-10.45.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Қоршаған орта». М.:Табиғатты сүюге баулу,табиғатқа қамқор болу табиғат туралы өлең шумақтарына йту ,өлеңді айту арқылы сөздік қорын байыту. Қоршаған орта мен танысу Т.: «Мен және қоршаған әлем». М.:Балаларға табиғаттың әрбір бөлшегі азамат баласы үшін асқан байлық ,қайталанбас қазына екені,денсаулықтың қорғаны екенін ұғындыру. Дидактикалық ойын «Жер, су, ауа» Мақсаты:балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. Көрнекіліктер:асық Ойын шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгінен асық лақтырып жібереді де</p>	<p>1.Құрастыру Т:«Жиһаз». М:жиһаз жайлы білімдерін бекіту,жиһаз құрастыруды білу. 2. Дене шынықтыру. Т: «Әжемнің ауылына қонаққа бару» атты спорттық іс шара 1. Үй жануарларымен таныстыру. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Балалардың зейінін дамыту; қимыл қозғалыс тәжәрибесін дамыту. Жануарлар мен құстардың бетпердесі, киіз үй. Жануарлар мен құстардың дыбыстары жазылған ұнтаспа. 2.Сурет салу Т: «Табиғат көрінісін бейнелеу». М.:Балалар әртүрлі түстерді танып табиғаттың суретін сала білу түстермен безендіруге үйрету..</p>	<p>1.Математика негізері. Т: «Үлгі бойынша санау,сандарды салыстыру..», М: заттарды дұрыс санауға үйрету. Дидактикалық ойын «Андарды қоректендір» Мақсаты: 1саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. 2.Мүсіндеу. Т: «Әдемі табақ». М;ыдыс түрлерімен таныстыруды жалғастыру,мүсіндей алуға және безендіре білуге үйрету. Жұмбақ: Үсті тас,асты тас Ортасында піскен ас (таба нан) Сергіту жаттығуы: Қолыма алдым бір алма Салдым оны аузыма. Тағы алып құлпынай, Жеп қоямын тосылмай М: 3.Музыка. Т; «Мұғ . жоспары бойынша .»</p>	<p>1.Жаратылыстану. Т.: «Табиғат әсемдігі». М:Табиғат бізді қоршаған орта оның табиғат байлықтары адамзаттың материалдық игілігі ,әр бөлшегі адам өмірініңқорғаушысы және денсаулығының кепілі түсіну. Дидактикалық ойын «Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз) . Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.) 3.Дене шынықтыру. Т: Белгі бойынша тоқтап</p>	<p>1.Дене шынықтыру. Т: Аттап өту 1. Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3.Көлбеу қойылған баспалдыққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету (ауыспалы қадам) Әр балаға екі жалаушадан беріледі, 6-8 кесек ағаш. 2.Көркем әдебиет. Т: «Жақсылық-жамандық» Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету. Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу. Ойын әрекеттері: балалар педагогтің алдына тұрады.</p>
---	--------------------	--	---	---	--	--

		<p>жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезімен тәрбиелейік.Бір бала ортаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер се ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.</p>			<p>жүру және жүгіру 1. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүгіруге және жүруге үйрету. 2. Лақтыру күшін және көзбен мөлшердей білуді дамыту. 3. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру. Шығыршықтан (диаметрі 50 см). Топтағы бала санына қарай әрқайсысына екі қапшықтан, 10 кегель.</p>	<p>Педагог кезекпен қандай да бір әрекетті, қылықты білдіретін кез-келген сөзді балаларға айтады. Егер сөз қайырымдылықты, игі істерді білдірсе, онда балалар қол шапалақтайды. Егер бұл сөз жамандық, ұлымдық туралы болса, балалар аяқтарын топылдатады.</p>
--	--	---	--	--	---	--

<p><i>Серуенге дайындық Серуен.</i></p>	<p>10.45-12.30.</p>	<p>Киіну :реттілік , серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу, 1.Ағаштарға бақылау жасау Мақсаты:Күз мезгілінде болатын өзгерістермен балаларды таныстыру , ағаштардың өзгеруін түсіндіріп оларға бақылау жасау, және балабақша ауласындағы ағаштарды тану , атын білу сипатттау. 2;Аула сыпырушының еңбегіне бақылау жасау , Мақсаты: Балаларды тазалыққа үйрету., 3.Қимылды ойындар : «Керісінше айт», Мақсаты:балалар шеңберге тұрады тәрбиеші балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды,тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту,қарама –қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.мысалы «таң»,десе, бала «кеш» деп жауап береді. 4.құстарды бақылау. Мақсаты:Балалардың құстар ,олардыңтіршілігі туралы түсініктерінкеңейту,құстар өмірі туралымәлімет беру,(немен қоректенедіайырмашылығы ,ұшып кеткен құстар қайтып келеді),қай құс қыстап қалады,балаларға жылы жаққа ұшып кеткен құстардың күн жылына бастағанда қайтып келетіні жайлы әңгімелеу. 5.Ауа райын бақылау. Табиғат пен оның құбылыстары (жаңбыр,),бақылау нәтижнлрін айта білуге үйрету.Жыл мезгілдеріне байланысты ауа-райының күрт өзгеруін,ерекшелігін байқауға талпындыру. Белгілі жүйелікте киімдерін шешу,Түймелерін шешу ,сырмалдарын ағыту,аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту.Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу.Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп,жинап қою.</p>
<p><i>Серуеннен оралу</i></p> <p><i>Түскі ас.</i></p>	<p>12.30-13.00.</p>	<p>Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық, Сабын суды аямай, Тазалықты ұғайық.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Тамақ ішер кез келді Ойнамаймыз, күлмейміз, Тамақтан басқасын Көзімізге ілмейміз.</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>
<p><i>Ұйқы</i></p>	<p>13.00-15.10.</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.</p>
<p><i>Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары</i></p>	<p>15.10-15.40.</p>	<p>Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) лемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру .</p>

Бесін ас	15.40-16.00.	Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.				
Вариативтік компонент	16.00-16.30.	«Тауық пен балапандар» Үй құстары мен балапандар олардың дене бітімігнің ерекшеліктерін түсіндіру, басқа да құстардан ажырата білу, балалардың зейінділігін, ынталығын дамыту., Қимылды ойын: «Ұшады-ұшпайды». балаларға қандай заттың ұшатынын, қайсысының ұшпайтынын түсіндіру, Ірі құрылыс материалдармен ойындар.	Логика «Құлыншаққа арналған жол». М: Балаларға 4 мүмкіндіктің ішінен 2 берілген түс бойынша (қызыл, көк), затты таңдауға үйрету, заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту. «Ұсақ қол моторикасын дамыту.» Тақтайшада бейнеленген гүлдерді, шыршаларды (сопақша, үшбұрыш), өз орнына тауып қою..	№ 9. Дидактикалық ойын «Таныс пішіндер доминосы» Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру., бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды ойын осылай жалғаса береді	Әріптер әлемі Табиғат құбылыстары, ауа райы. Балаларды табиғатта болып тұратын құбылыстармен олардың атауларымен таныстыру, табиғат туралы білімдерін кеңейту, ауа-райын білу, әр жыл мезгіліндегі табиғат құбылыстарын білу күз мезгілінде күннің суық болатынын бұлттардың сұрғылт, құстардың жылы жаққа ұшып кететіні туралы айтылады.	Ойын-жаттығулар. « Кірпілер». М.: Көп, аз, біреу ұғымдарын қалыптастыру, заттарды түстері бойынша топтауды, заттың көлемін ажыратуды үйрету, кеңістік түсініктерін дамыту. «Қасқыр мен жеті лақ». және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар құрастыру. Мақсаты: ойы мен қабілеттері Т

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		«Дәптермен жұмыс ». Балалардың тапсырманы зейінді ,ұқыпты таза , түзу сызықпен жазуға қаламды ұқыпты ұстай білуге үйрету. Қиынды суреттерден «Күзгі жаңбырлы » табиғаттың суретін құрастыру.. Мақсаты:ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекке баулу:табиғат бұрышындағы тоты құсқа жем –су беру. Мақсаты . мейірімділікке , қамқорлыққа тәрбиелеу, жақсылық жасауға үйрету.	Жомарт Күз ».өлеңін жаттау. Мақсаты:Күзде болатын өзгерістер , табиғаттың өзгеруі , күз мезгілінде табиғат қандай түсте болатынын жеке –жеке баладан сұрау және түр түсті ажырата білуге үйрету	Жеке даму картамен жұмыс: баланың атын жазу керек Білім беру саласы: «Қатынас». «Табиғат –анамыз» Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп , табиғатты сүюге ,қамқор бола білу,табиғат екіге бөлінеді:өлі табиғат және тірі табиғат,өлі табиғатқа ауа,су,күн,жерт.б.тірі табиғатқа адамдар ,жануарлар ,өсімдіктер жатады	№ 13.«Дидактикалық ойындар». «Гүлді иіскеу»,балалардың ауызекі тіліни дамыту,шеңбер бойымен гүлді иіскеп көреді және гүлге әсерлі сөздер айту қажет,хош иісті гүл екен ,әдемі гүл жұпар иісті гүл «Бағдаршам» Балалардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін жинақтап ,әңгімелеп беруге дағыдыландыру, бағдаршам түстерін ажырата білуге үйрету.	«Күз мезгілі». балаларға осы бейнені өлең шумақпен келтіргенін айту және жаттатқызу. Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу. Мақсаты:Жылы сөздер арқылы ,сенің қолыңнан келеді ,сен білесің деп , үнемі балаға шабыт беріп отыру.
Серуенге дайындық	16.30.-16.40.	Киіну: серуенге шығу ,киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
Серуен.	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу.Шеңберге тұрып ,аулаға ұшып келген құстардың дауысын тындап ,тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу.Аулада түскен жапырақтардың түсіне қарай топтастыру.Олардың түсін ажыратып балаларға әңгімелеп беру.Балалармен жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау және тәрбиеге баулу.	Логопедтің кеңесі: Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу.	Психологтың кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту ,сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды ,өзін қалай ұстау қажет екенін балаларға түсіндіру.	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д.И.И.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.Е.Е.

Циклограмма
І - апта (04 – 08 Қазан айы)
Ересек « Күнишуақ» (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Жомарт күз ».
Апта тақырыбы: «Күз сыйы».

Күн тәртібі.	Уақыт ы.	<i>Дүйсенбі</i> 04.10.2021ж	<i>Сейсенбі</i> 05.10.2021ж	<i>Сәрсенбі</i> 06.10.2021ж	<i>Бейсенбі</i> 07.10.2021ж	<i>Жұма</i> 08.10.2021ж
Балаларды қабылдау, Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу (5мин).	8.00-8.40.	Т әрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын , көңіл күйін сұрау , киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп , топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
		Жаттығулар кешені. Ойын –жаттығу. Құлпыра берші кең дала , Гүліңді мен терейін . Жапырағыңмен жасыршы Қойныңа мен енейін.				
		Жаттығулар кешені. Ойын –жаттығу. Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады . Гүл ұйқыға жатады..				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу,астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы ,дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.Тамақты жегенде аузын жауып ,асықпай жеуді пысықтау.				
		Шайың қызыл болсын. Нанның ,тәтті болсын. Ішкен,асың дәмді болып. Дастарханың мол болсын. Балаларға астарының дәмді бол уын айту.				
Ойындар(саусақ және қимылды ойындар) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	9.00-9.15.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				
		1.Саусақ ойыны. «Біз санайық снамақ». Саусақтарын даралап ,басбармағын басып, әр саусақты жеке – жеке айтып саусақтарын бүгіп	2.Тілді ұстарту жаттығулары. Із-із-із, тамаққа қосты сөбіз. Жу-жу-жу, ыдысты тазалап жу.	3. Тіл жаттығуы. «Футбол»- ауыз ашық, тілдің ұшымен оң жақ және сол жақ ұртымызды итереміз	4.Қимылды ойын: Жаздық-жаздық өзіміз, Талды әбден көзіміз. Әуенімен әндердің, Әдемі қимыл жасаймыз. Өлең шумақтарын айта отырып, қимылдар жасайды	5. Қимылды ойын. «Сақина жасыру.». Ойнды өткізу үшін сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған балалар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.жайылған алақанға

		жазып санамақ санайды .				бала сақинаны жасырып кетеді.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.	9.15-10.45.	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Қонақтарды күтеміз». М:Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету,олардың атқару қызметін ұғындыру. Күтілетін нәтиже: Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады.Шағын әңгімелерді ұғымды жеткізе біледі. Көрнекіліктер: Суреттер салт-дәстүрлердің ,,дастархан суреті ,торсық. 2.Музыка Т. Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>1.Сурет салу Т: « Әжемнің қамзолы». М:.Балаларды қазақтың ұлттық киімі қамзолмен таныстыружәне ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Күтілетін нәтиже:Шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.Қазақ халқының сәндік-қолтанбалы өнер шығармаларымен таныстыру және оюдың бөліктері туралы ұғымдарға ие болу. Көрнекіліктер: Әженің қамзолының суреттері,ұлттық киім суреттері ,оюлар фетордан жасалған. 2. Орыс тілі Т:МҰҒ . жоспары . бойынша. 3. Дене шынықтыру. Т:МҰҒ . жоспары . бойынша.</p>	<p>1.Математика негіздері. Т: «Сан заттың көлеміне бағынбайды,реттік санау, «кең»,», «тарлау», тар «ен тар». М:Заттарды санымен сәйкестендіру,5саны көлемінде санау қабілетін арттыру. Күтілетін нәтиже: Көлеміне санай алады,сандарды ретімен санайды.Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік береді. Көрнекіліктер:Сандар пішіндер,5данадан, 3түрлі ойыншықтар жинағы ,қоян,түлкі ойыншықтар. Д:Балалардың назарын әртүрлі ойыншықтардың орналасу бағытына аудару. .Жапсыру. Т: «Текемет». М:Ою-өрнекті танытып,дұрыс жайғастырып, қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы сызықтарды ажыратады жапсыра біледі. Көрнекіліктер: Фетордан</p>	<p>1.Жаратылыстану. Т: «Тұсау кесу». М: Қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру.Салт-дәстүрдің түрлерін ажырата білу мен олардың түрлерін атау. Күтілетін нәтиже: Салт-дәстүрлерді біледі,Ұлттық киімді,әшекейлertура лы біледі. дайында Көрнекіліктер:Отбасы мүшелерінің суреттері,екі-үш түсті тұсаукесер жібі,қайшы ,асықтар ,ақ мата тұсауы кесіліп жатқан баланың фото суреті. 2. М: .Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>1.Көркем әдебиет. Т: «Түлкі мен Тырна ». М: Балаларға ертегіні тыңдата отырып,мазмұнын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Ертегіні эмоционалды қабылдай біледі.Ертегіні баяндау ерекшелігін байқауды дамыту.Кейіпкерлердің жағымды ,жағымсыз қасиеттерін ажыратады. Көрнекіліктер: Түлкі мен тырнаның ағаштан жасалған бейнелері,ағаштан жасалған үйшік ,ертегі суреттері ,құмыра ,тәрелке және ертегі кітапша. 2.Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша</p>

			жасалған ою-өрнектер текемет, текемет суреттер, түсті қағаздар , желім.		
Серуенге дайындық Серуен . Серуеннен оралу	10.45- 12.30.	<p>Киіну :реттілік , серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу, 1. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Мақсаты:..Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды .Ау райының жылыуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру.Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп,қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. 2;Аула сыпырушының еңбегіне бақылау жасау , Мақсаты:..Аула маңындағы қоқысты тазарту,ұжымда еңбектену білуді қалыптастыру,жұмысты жоспарлау,бақылауды іске асыру.Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу.. 3.Қимылды ойындар : «Соқыр теке », Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа , ұжымдық жұмыс жасауға баулу. 4.. «Көктемнің алғашқы айы Наурыз туралы айту.» Мақсаты:..Балалардың сөздік қорын молайту, және тілін дамытып ұғымын кеңейту ,Наурыз айымен көктем мезгілімен , таныстырып өту. Балаларды ұқыптылыққа үйрету. Мақсаты : Белгілі жүйелікте киімдерін шешу.. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.</p>			
Түскі ас.	12.30- 13.00.	<p>Айнаға қараймын, Шашымды тараймын. Бақытты боламын Сымбатты боламын, Өрқашан тазамын, Бәрінен озамын.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Дастарханыңнан дәм кетпесін. Көңіліңнен сән кетпесін, Асың дәмді болсын. Ырыс береке болсын..</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>			
Ұйқы	13.00- 15.10.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.			
Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары.	15.10- 15.40.	Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру .			

Бесін ас	15.40-16.00.	Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде, тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ, өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде әдептілік таныту.				
Вариативтік компонент Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	16.00-16.30.	. «Көктем туралы әңгімелеу». Мақсаты:Көктемде болатын өзгерістер, табиғаттың өзгеруі, көктем мезгілінде табиғат қандай т болатынын жеке –жеке баладан сұрау және түр түсті ажырата білуге үйрету . «Емдік өсімдіктер», М,Балаларды емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстырып, шөптің түрлерімен таныстыру,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Логика. Т: «Тез ойла,ойна!». М: Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге ,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Суреттерден « көктем мезгілінің алғашқы гүлі бәйшешектің суретін құрастыру». Мақсаты:ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекке баулу:табиғат бұрышындағы гүлдерге сү құю . Мақсаты . мейірімділікке , камқорлыққа тәрбиелеу, жақсылық жасауға үйрету «Табиғат ерекшелігімен танысу» М:Балаларды көктемде қандай өзгерістер болатыны жөнінде балалармен әңгімелесу арқылы танысу.	Пластилинография. Т: «Ою-өрнек». М: Пластилинмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, модельдеуге қызығушылықтарын ояту. Пластилинмен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгеру және олардың көмегімен сюжетті суреттер жасау. Ұсақ моториканы дамыту. Эмоциялар мен қиялдарды дамыту. Кеңістік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.Балаларды көркемдік талғамға тәрбиелеу.	№ 14.Дидактикалық ойын: Білім беру саласы: «Қатынас». Т:«Көжекпен ойналық». Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдыққа үйрету.ныстыру.Суретте бейнелеген ының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу. «Дидактикалық ойын». «Тігінші».бірнеше матаның қиықтарын алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретте бейнеленген киімнің тұсына қою.
	«Сиқырлы қапшық» Қапшықтың ішіне қиыр мен қызанақ салынады.Балаларға қапшықтың сыртынан ұстап ,қияр мен қызанақты ажыратып ,сипаттама берулерін сұрайды.	Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы.: «Қатынас». 1.Туыстық қарым-қатынас түсініктерін қалыптастыруды дамыту. 2.Ертегі кейіпкерлеріне өзіндік эмоциясын	Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Таным» 1.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу дағдыларын қалыптастыру. 2.Қағаздан көлемді пішіндерді жасай алады.	«Өртүрлі кейіпкерлерге айналу» Суреттегі әр түрлі кейіпкерлердің атын атап тұру, балалар соның жүрісін, бейнесін, қимылмен көрсету, балаларды шапшаңдылыққа	«Ойыншты тап» .Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Түсін, кішілігін ажыратып, түр-түсін білу. Балалар белсенді болып ойынды ойнайды.	

			білу.		үйрету	
Серуенге дайындық	16.30-16.40.	Киіну: серуенге шығу ,киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
Серуен.	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу . Шеңберге тұрып, аулаға ұшып келген құстардың дауысын тындап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстар				
Балалардың үйге қайтуы	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау және тәрбиеге баулу.	Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Ата-анаға кеңес: Баланың сөздік қорын кеңейтіңіз,қызықты ертегілер оқып ,жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет. Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу.	Психологтың кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту ,сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды ..	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д.С.С.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.С.С.

Циклограмма
II – апта (07 – 11 Наурыз айы)
Ересек «Күнішуақ» (2021-2022оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Нұр себеле –ұлыстың ұлы күні!».
Апта тақырыбы: «Жыл басы Наурыз».

Күн тәртібі.	Уақыты.	Дүйсенбі 07.03.2022ж	Сейсенбі 08.03.2022 ж «8- наурыз!!!Халық аралық әйелдер күні»	Сәрсенбі 09.03.2022ж	Бейсенбі 10.03.2022ж	Жұма 11 .03.2022 ж
Балаларды қабылдау, Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу (5мин).	8.00-8.40.	Т әрбиешімен сәлемдесу .Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
		Жаттығулар кешені Ойын –жаттығу. Орнымыздан тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып жұмамыз.				
Гигиеналық шаралар	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу,астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.Тамақты жегенде аузын жауып ,асықпай жеуді пысықтау.				
Таңертеңгілік ас.		Дастарханың бай болсын. Қазан аяққа ,май толсын. Төрт түлігің сай ,болсын. Көңілің толып жайболсын.				
Ойындар(саусақ және тіл жаттығуы)	9.00-9.15.	Балаларға астарының дәмді бол уын айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу		Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				
		1.Тіл жаттығулары. «Кесе» - ауыз кең ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.	2. Саусақ ойыны. «Саңырауқұлақтар». Бір қолыңмен саңырауқұлақтың қалпағын, екінші қолыңмен денесін келтір. Екі қолыңның саусақтарымен үстелді тықылдатып, шулап алуыңа болады.	3. Қимылды ойын. «Кім заттарды көбірек жинайды?» Үстел үстіндегі жеміс жидектерді ажыратып, себетке жинау	4. Сөздік ойын. «Әр түрлі кейіпкерлерге айналу». Суреттегі әртүрлі кейіпкерлердің атын атап тұру, балалар оның жүрісін, бейнесін қимылмен көрсету. Балаларды шапшаңдыққа үйре	5. Саусақтардың ұсақ моторикасының даму мүмкіндіктері. «Қомағай», әр қатысушы беторамалдың бір ұшынан ұстайды да, біртіндеп жұдырығына жинайды. Бұл кезде баланың екінші қолы көмектеспеуі керек. Қарным менің қомағай, бәрін-бәрі жұтады, қомағайдың қарны

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.</p>	<p>9.15-10.45.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Наурызға шашу.Наурыз мейрамы.». М:Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту.Қазақтың ұлттық тағамдары ,ойындар туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтиже:Әңгімелеу,Наурыз жыл басы екені біледі,суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады. Көрнекіліктер:Наурыз мерекесіне арналған суреттер, торсықтың суреті ұлттық киімдегі ұл мен қыздың қуыршақ бейнесі.. М: 2.Музыка. Т; «Мұғ . жоспары бойынша 3. Қошаған орта. Т: «Наурыз –көктем мерекесі». М :Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Шығыс халықтарының жаңа жылы екендігін түсіндіру. Күтілетін нәтиже:Наурыз көже ,ұлттық ойын түрлері,т.б</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Киіз үйді безендіреміз». М:Қаза оюының көп түрлігі туралы түсінік беру,оның пішінін жасай білуді үйрету. Күтілетін нәтиже:Киіз үйдің негізгі құрамын біледі. Көрнекіліктер: Киіз үйдің суреттері фетордан жасалған киіз үй ,түсті қағаздар ,түсті қиылған оюлар. 2. Дене шынықтыру. Т:МҰҒ . жоспары . бойынша. 3.Құрастыру, Т: . «Көбелектер». М:Табиғи материалдарды пайдаланып көбелекті құрастыра білуге үйрету. Күтілетін нәтиже:Табиғи материалды пайдалана отырып оын құрастыра алады. Көрнекіліктер: Көбелектің суреті,түсті қағаздар,желім ,түсті қағаздар.</p>	<p>1.Математика негіздері. Т: «Үлгі бойынша санау 1,2,3,4,5,сандары туралы өткенді пысықтау.» М: 1,2,3, сандарын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру. Күтілетін нәтиже:Сандарды айыра білу,топтағы сандарды салыстыра білу. Көрнекіліктер: Сандар,қиылған түсті гүлдер,кубиктер,фетордан жасалған гүлдер. 2.Мүсіндеу. Т:«Тостақан ». М: Ермексаз кесектерінен ұзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып тостақан мүсіндей алуға үйрету. Күтілетін нәтиже:Халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын игерген. Көрнекіліктер: Оюлы ыдыстар мен тостаған ,тостаған суреттері,ермексаз бен тақтайша,сүркіш.</p>	<p>1.Жаратылыстану. Т.: «Наурыз жыл басы » М: Наурыз мерекесі туралы түсінік беру,шығыс халықтарының жаңа жылы екендігін түсіндіру. Күтілетін нәтиже:Наурыз жыл басы екенін біледі, қазақ киіз үйі оның құрылысы ішіндегі заттарды ,ұлттық киімдер мен әшекейлерді атайды және ажыратады. Көрнекіліктер: Наурыз тойының суреттері, ұл мен қыздың ұлттық киімін киген қуыршақтар фетордан жасалған Наурыз бейнелері. 2.Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>енді, сусиырдай болып кетті.</p> <p>1.Көркем әдебиет. Т: «Наурыз думан ». М: Қазақ даласына жыл басы Наурыз думан меркесінің келгенін айту.Наурыз жыл басы көктемнің алғашқы мерекесі екенін ұғындыру. Күтілетін нәтиже:Әңгімелерді тыңдайды,мазмұндап бере алады,өлеңдерді жатқа айтады.Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады. Көрнекіліктер: наурыз тойының суреттері, фетордан жасалған киіз үй, оюлы ыдыстар мен торсық, Наурыз туралы кітапша. 2.Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша. 3.Музыка. Т. Мұғ.жоспары бойынша.</p>
--	--------------------	--	---	--	--	---

		туралы айтуды біледі. Көрнекіліктер: Қазақтың салт-дәстүрі бейнеленген және ұлттық тағам түрлерінің суреті.				
Серуенге дайындық	10.45-12.30.	Киіну: реттілік, серуенге шығу Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу				
Серуен.		<p>1.Көктемдегі желге бақылау жасау.. Көктемгі жел құбылмалы,егер солтүтіктен соқса өткір және суық болады,мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі ағаштар сықырлап шайқалтады. Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайындабілімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.</p> <p>2. «Ауа райы». Мақсаты: аспан мен жердің айырмашылығын таныту, күндіз не болады, түнде не болады әңгімелету.</p> <p>3.Қимылды ойындар: Қимылды ойын : «Тақия тастамақ». Мақсаты: Балалар шеңбер бойымен отырып ,бір бала тақияны отырған балдардың артына тастап кетеді, бір –біріне,ілтипат көрсетіп, дос болып, бірігіп ұжым жұмыс жасау және мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>4.Табиғаттағы ауарайын бақылау.. Мақсаты :жекелеген құбылыстарды айтып , ажырата білуге баулу ,ауарайын ажырата білу.</p> <p>5.Қара торғайды бақылау. Мақсаты: Балаларды қара торғаймен таныстыру, жүріс –тұрысына , түсіне назар аударту.Серуен кезінде қараторғайдың көктем мезгілі кезінде күннің жылы болатынын көктемнің келегінін білдіретін құс.</p>				
Серуенге дайындық.		Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.				
Түскі ас.	12.30-13.00.	<p>Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің маңдайың . Тазалықтың досы, Су дегенің осы.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Кесе шыны ,пияла , Оларсыз шәй құяма? Қасықсыз тамақ жемейміз ,</p>				

		Бәріне ас болсын дейміз..				
		Тамақтан соң ауызды сумен шаю.				
Ұйқы	13.00-15.10.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	15.10-15.40.	Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру . Киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.Түймелерін қадау,сырмаларын сыру,аяқ киімдерін дұрыс киуді дамыту.Киіміндегі кемшіліктерін жөндеу.Қыз балаларды шаштарын тарап,жинап алуға дағдыландыру.				
Бесін ас	15.40-16.00.	Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.				
Вариативтік компонент Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.30.	Қиынды суреттерден « Көктемгі гүлдердің» суреттерін құрастыру.. Мақсаты:ойлау қабілеттерін дамыту. «Шебер қолдар». Мақсаты: Қағаздан не құрастырамыз? Балаларды қағаз түрлерімен ,қасиетімен не жасауға болатынымен таныстыру	Логика: Т: «Математика әлемінде». М:Геометриялық денелерді атау,ажырата білулерін қалыптастыру,берілген жолақшаларды ,кейін тура санау қабілеттерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін ,тапқырлықтарын дамыту,достыққа тәрбиелеуге ,ойын түрде білімдерін тиянақтау.	Ертегі айтып үйренеміз. Т:«Күшік досын қалай тапты» ,ертегісі. Мақсаты:Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру,сұрақтар бере отырып ,ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. Т: «Мақта қыз ертегісі». М:Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,ертегі бойынша суреттерді орналастыру.	Пластелинография: Т: «Алтыбақан». М: Пластелинмен жұмыс істеу дағды-ларын қалыптас-тыру, модельдеуге қызығушылықтарын ояту. Пластелинмен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгеру және олардың көмегімен сюжетті суреттер жасау.Ұсақ моториканы дамыту. Эмоциялар мен қиялдарды дамыту. Кеңістік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.Балаларды көркемдік талғамға тәрбиелеу.	Т: «Қуыршақты серуенге шығуға киіндірейік» Мақсаты: Кімдердің атын түсін,түрін және іс-әрекеттерін білдіретін сөздер арқылы сөздік қорын кеңейту. «Әртүрлі кейіпкерлерге айналу» Суреттегі әр түрлі кейіпкерлердің атын атап тұру, балалар соның жүрісін, бейнесін, қимылмен көрсету, балаларды шапшаңдылыққа үйрету.
		Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Шығармашылық».	№22Дидактикалық ойын: Білім беру саласы: «Таным». Т: «Адасқан цифрлар».	«Қазақтың ұлттық зергерлік әшекейлері» Мақсаты:Белсенді сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамытып,	Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Қатынас».	«Көктем туралы әңгімелеу». Мақсаты: Көктемде болатын өзгерістер , табиғаттың өзгеруі , көктем мезгілінде табиғат қандай түсте

		1.қысқа және ұзынжолақтарды салу дағдыларын. 2.дөңгелек пішіндерді кию дағдыларын.	М.Баланың ойлау жылдамдығын арттыру, Тәрб:2,4,6,7,3,5 цифрлары жазылған карточканы тақтаға іледі, балалар қалып қойған сандарды іледі.	ұлттық өнерді игеру, оны балаларға құрметтеу таныстыру.	1.Өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атауды. 2. Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады.	болатынын жеке –жеке баладан сұрау және түр түсті ажырата білуге үйрету.
Серуенге дайындық	16.30-16.40.	Киіну: серуенге шығу ,киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
Серуен	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу . Шеңберге тұрып, аулаға ұшып келген құстардың дауысын тыңдап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы .	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау және тәрбиеге баулу.	Психологтің кеңесі: Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу. Ата –анасы қызықты ертегілерді оқып беру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру.	Психологтің кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту , сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды , өзін қалай ұстау қажет екенін балаларға түсіндіру.	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д.И.Р.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.С.С.

Циклограмма
III - апта (14 – 18 Наурыз айы)
Ересек «Күнишуақ»(2021 - 2022оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор».
Апта тақырыбы; «Ертегілер елінде».

Күн тәртібі.	Уақыты.	Дүйсенбі 14.03.2022ж	Сейсенбі 15.03.2022ж	Сәрсенбі 16.03.2022ж	Бейсенбі 17.03.2022ж	Жұма 18.03.2022ж
Балаларды қабылдау, Ата-аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу. (5мин).	8.00-8.40.	Балалардың сәлемдесуін пысықтау ,балалардың қал жағдайын , көңіл күйін сұрау,Тәрбиешімен сәлемдесу, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп алу.				
		Жаттығулар кешені Ойын –жаттығу. Келді көктем далаға, Келді сұлу ,шағала. Аспандағы ақ құстар. Ауылымды арала.				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Таңғы ас алдында қолдарын сабынмен сабындап жуу,өз орнаына ыңғайлы ,дұрыс қалыпта жайғасу, майлықтарын дұрыс қолданып ұқыпты болып отыру,астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы ,дұрыс отырып , ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.Тамақты жегенде аузын жауып ,асықпай жеуді пысықтау. Тамақ ішер кез келді Ойнамаймыз, күлмейміз, Тамақтан басқасын Көзімізге ілмейміз.				
		Балаларға астарының дәмді бол уын айту.				
Ойындар(саусақ және тіл жаттығулары) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	9.00-9.15.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				
		1..Қимылды ойын. «Қолғап » оң мен солжақты ажырата білуді , оң дегенде оң қолдарын көтереді , сол дегенде сол қолдарын көтереді ,оң мен сол жақты ажырата білуді және шапшаңдықты үйренеді.	2.Саусақ ойыны. Бәріміз біріміз үшін, Біріміз бәріміз үшін, Тату тәтті отбасы. Деп алақандарын айкастыры	3.Ойындар. «Бес санына шапалақта»,беске дейін санап және әрекетті тәрбиешінің ұсынысы бойынша орындап үйрету,балаларға қазір мен бес деп санаймын , «бес» деген кезде сендер бір рет шапалақтайсыңдар балаларды санауға үйрету сандарды ажырата білуге үйрету.	4.Тіл жаттығулары. «Қонжық».ертеде қонжық өмір сүріпті оның достары «Мики және Кики»деп аталады екен (қонжықтардың аттарында екпін қай дыбысқа түседі)балалар бұл сөздерді қайталағанда ,екпінге назар аударады.	5.Саусақтардың ұсақ моторикасынң даму мүмкіндіктері.. «Қарсақ пен Түлкі». Алақандарыңды бір-біріне тигізіп, ортаңғы екі саусағыңды бүк, сұқ саусағың мен кішкентай саусағыңды түйістір, сөйтіп, түлкінің құлағын жаса. Дөңгеленген
Мектепке дейінгі ұйым	9.15-					

кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.	10.45.		п жұмылдыр ады			саусақтарыңды көзіңе жақындатып, дүрбімен қарағандай қимыл жаса.
		<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Ертегілер әлемі». М:Ертегі мазмұнын түсіндіру,ертегі мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорын молайтып,тілін дамыту.Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа,мейірімділікке ,достыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже:Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқыны қодану дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған тақырып бойынша ертегінің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Көрнекіліктер:Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, қуыршақтар,фетордан жасалаған жануарлардың бейнелері. 2.Музыка Мұғ. жоспары бойынша.</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Ертегі үйшік» М: Ертегі мазмұнымен таныстырап,қызығушылығын арттыру,балалардың танымдық,шығармашылық қабілеттерін,ой-өрісін дамыту. Күтілетін нәтиже:Қарапайым табиғат құбылыстарын ,ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтаныду. Көрнекіліктер: «Үйшік» ертегісінің суреті,түсті қаламжад,ақ қағаздар,атрибуттар 2.Орыс.тілі. Т:Мұғ.жоспары бойынша. 3. Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>1.Математика негіздері. Т: Өткен сандармен танысу Қысқа ,ұзын .Сопакша көптеген фигуралардың арасынан табу.». М: үлгі бойынша санауды және сонша зат шығаруды үйрету. Күтілетін нәтиже:Ұзындығы ені,биіктігі,жуандығы бойынша беттестіру дағдыларын қалыптастыру. 2.Жапсыру. Т:« Тауыс құсы». М:Тауыс құстың суретін геометриялық пішіндерден жапсыруды үйрету.Құстарды қорғауға тәрбиелеу,қол икемділігін арттыру. Күтілетін нәтиже:Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру.қысқа және ұзын жолақтарды жапсыра алады. Көрнекіліктер:Құстың үлгісі,желім ,сүлгі, түсті қағаздар. .3.Музыка . Т: Мұғ жос .бойынша.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т:« Ертегілер еліне саяхат». М:Балаларды қоршаған ортаға бейімдеу,ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып,ерт егіге қызығушылығын арттыру,нұсқау бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету. Күтілетін нәтиже:Ертегі мазмұнын түсінеді,,сұрақтарға жауап бере алады және ажыратады. Көрнекілік: Мазмұнды суреттер,қуыршақтар ,ертегі кейіпкерлері. 3.Дене шынықтыру. Т:Мұғ.жоспары бойынша .</p>	<p>1. Көркем әдебиет Т: «Түлкі мен торғай .». М: Өтілген ертегілерді еске түсіру,білетін ертегілердегі әрекеттерді қысқаша айтып өту,жаңа ертегінің мазмұнын тыңдауға қызығушылығын арттыру.Ертегіні айта білу. Күтілетін нәтиже:Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту,таным сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау. Көрнекіліктер:Ертегі кейіпкерлер бейнесі түлкі мен торғай, ертегі суреттер,ертегі кітапша. 2.Дене шынықтыру. Мұғ. жоспары бойынша</p>

<p>Серуенге дайындық Серуен</p> <p>Серуеннен оралу</p>	<p>10.45-12.30.</p>	<p>Киіну: реттілік, серуенге шығу. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу</p> <p>1. Табиғат әлеміне саяхат.ё Мақсаты:Балаларға табиғат туралы түсінік бере отырып оларды ,табиғатты аялауға ,қамқорлық жасауға шақыру.Табиғаттың адам өмірі үшін пайдасын түсіндіру.. 2. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. Мақсаты:Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындырмай, күтіп-баптау керектігін білдіру. 3.«Біздің балабақша ауласы». Мақсаты: балалармен балабақшаныңжайында әңгімелеседі,Аулада қандай ойнайтын құралдар бар екенін естеріне түсіреді,аулада тағы басқа нелер бар? Көктем мезгілінде олар қандай кейіпте тұрғанын сұру және білу. 4. Қимылды ойындар: «Ақ қоян». Мақсаты:Балалар шеңбер жасап тұрады,да,ал бір бала ортада қоян болып отырады .Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады . Балаларды жылдамдыққа ,мықтылыққа баулу, 5. Ұқыптылыққы үйрету Мақсаты: екі қатармен келе жатып бір біріне соқтығыспай және бір біріне жол беру арқылы ұқыпты журуге мейірімділікке біріне көмектесу арқылы балаларды ұқыпты болуға үйрету. Белгілі жүйелікте киімдерін шешу.. Түймелерін шешу, сырмаларын ағыту, аяқ киімдерін дұрыс шешуді дамыту . Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Киімдерін ұқыптылықпен сөрелеріне іліп, жинап қою.</p>
<p>Түскі ас.</p>	<p>12.30-13.00.</p>	<p>Жуынсаң сен әрдайым , Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенің осы.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу қолы мен бетін жеке майлығымен құрғатып сүртуді киімдерін суламауды , майлықтарын өз орнына ұқыпты етіп қоюәдістерін ұқыптау, үстел басында ыңғайлы ,дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау.және үстел басына түскі асқа отырып ,тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді ,қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.. Кесе, шыны,пияла, Оларсыз шәй құяма ? Қасықсыз тамақ жемейміз Бәріне ас болсын дейміз.</p> <p>Балаларға астарының дәмді болуын айту. Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>
<p>Ұйқы</p>	<p>13.00-15.10.</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру және ұқыпты жинауға дағдылану.</p>

Біртіндеп ұйқыдан ояту , шынықтыру шаралары.	15.10-15.40.	Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау .Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б. кілемшелер устімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру .Киімдерін ұқыпты өздігіне киіну, түймелерін қадау , сырмаларын сыру,аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту,киіміндегі кемшіліктерді жөндеу,қыз балаларға шаштарын тарап, жинап алуға дағдыландыру.				
Бесін ас	15.40-16.00.	Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , қасықты дұрыс ұстауды ,тамақтану кезінде әдептілік танытуды дамыту.				
Вариативтік компонент Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс..	16.00-16.30.	<p>«Табиғаттың таңғажайып әлемі» Балалардың табиғат жайлы ұғымдарын тиянақтау , табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету.Табиғатты сүйуге ,аялауға ,оған қамқор бола білу. «Бұл ненің ізі»,балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.әр ізді ненің ізі екенін ажырата білу және тану, «Сюжеттік рольдік ойын;». Ертегі кейіпкерлермен кездесу,қай ертегінің кейіпкері екенін тану және сомдау..</p>	<p>Логика . Т: «Кім жылдам?». М: Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту,уақыт жайында қарапайым ,түсініктерін бекіту.</p>	<p>«Көктемгі табиғат туралы әңгімелеу.» Көктемде болатын өзгерістер ,табиғаттың өзгеруі жайлы білу. Фотосуреттер қарастыру. «Қардағы шыршалар суреті» Мақсаты:Фото суретте бейнеленген суреттерді көру және қай мезгіл екені білу. «Табиғат құбылыстары». Қыс ,Көктем, Күз ,Жаз.Жел ,бұлт ,назағай,жаңбыр,кемпірқосақ , ,күн, қар, табиғат құбылыстары суреттеді көрсете отырып ажырата білуге үйрету. згіл екенін таныстыру.</p>	<p>Пластилинография: Т: «Бауырсақ»ертегісі. М: Пластилинмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптас-тыру, модельдеуге қызығушылықтарын ояту. Пластилинмен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгеру және олардың көмегімен сюжетті суреттер жасау.Ұсақ моториканы дамыту. Эмоциялар мен қиялдарды дамыту. Кеңістік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.Балаларды көркемдік талғамға тәрбиелеу.</p>	<p>«Бау байлау». Мақсаты: бөтеңкедегі бауды оңжақ пен солжақты ажырата білуге үйрету.саусақтарының тез әрі шапшаң қимылдауын қадағалау «Бұл қай кескін», өздеріне таныс геометриялық кескіндерді ажыратып атай білуге жаттықтыру.</p>
		<p>№ 26.Дидактикалық ойын. Білім беру саласы: «Таным». «Дыбыс арқылы санды тап»..есту мүшелері арқылы ойлау қабілетін анықтау.сіріңке қорабындағы таратпа сандар, қарындашпен</p>	<p>Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Қатынас». 1.Өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атауды .</p>	<p>«Қара торғайдың үйшігі" Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,дайын бөлшектерден өрнек жасауға үйрету,қылқаламды ұқыпты малу, желімдеу,</p>	<p>№ 29.Дидактикалық ойын. Білім беру саласы: «Қатынас». «Сиқырлы сандық» Дыбыстарды анық,асықпай,дұрыс айта білуге үйрету.Сөздерде дыбыстың дұрыс айттылуына назар аударту,</p>	<p>№17.«Дидактикалық ойын». Білім беру саласы: «Әлеумет». Бөлме құстарымен танысу. Балалардың тақырып бойынша білімін қалыптастыру,табиғатқа</p>

		үстелді дыбыс шығатында й етіп тықылдатады,балалар тыңдап отырып алдарындағы цифрларынан тиісті санды көрсетеді.	2.Әдеби кейіпкерлердің бейнесін ажырата білу және бағалай алады.	жағуға дағдыландыру, Құрастыру. Тотықұстың суретін құрастыру,құстын қанатын аяғын ,тұмсығын т.б. ажыратып құрастыру.	ойын арқылы судың,масаның дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Т: «Домбыра». М: Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру.Зейіндерін бір жерге шоғырландыру арқылы суреттерді ретімен орналастыру.	деген сүйіспеншілігін арттырып,оның әсемдігін сезінуге ,құстардың түс ерекшелігін есте сақтауға баулу, бөлме құстарының тіршілігі,іс-әрекеті дене мүшелерімен танымстыру.
Серуенге дайындық	16.30-16.40	Киіну: серуенге шығу, киімдерін ұқыпты өздігінен киіну.				
Серуен	16.40-18.10.	Серуенге қызығушылық туғызу . Ауа райын бақылау,жекелеген құбылыстарды айтып ,ажырата білуге үйрету. Ауа райының жылы және суық екенін ажырата білуге дағдылану,қар немесе жаңбыр жауып тұрғанын ажырата білу, жылдың қай мезгіл екенін сұрау ,табиғаттағы құбылыстарды сипаттау,салыстыру.Балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	18.10-18.30.	Ата-аналарға кеңес: Балалар отбасында өздері не істей алатынәңгімелесу:Баланың кейбір қылықтарына қалай қарау,оларды бос кезінде,не істеді,құрбылармен бос уақытта немен шұғылдандыру,үлкендерді құрметтеуге қалай үйрету.	Психологтың кеңесі:Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу. Ата –анасы ертегі кітаптарын оқып беру ,баладан ертегі кейіпкерлерін сұрау.	Психологтың кеңесі: «Өзгенің ойыншығын тартып алу», «басқа балаларды ренжіту» сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды, өзін қалай ұстау қажет екенін балаларға түсіндіру.	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Д.И.И.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.С.С.

Циклограмма
IV- апта (21 – 25 Наурыз айы)
Ересек «Күнишуақ» (2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Нұр себеле –Ұлыстың ұлы күні!».
Өтпелі тақырып: «Жер ана».

Күн тәртібі.	Уақыты.	Дүйсенбі 21.03.2022ж	Сейсенбі 22.03.2022ж Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз!	Сәрсенбі 23.03.2022ж	Бейсенбі 24.03.2022ж	Жұма 25.03.2022ж
Балаларды қабылдау, Ата –аналармен әңгімелесу, ойындар таңғы жаттығу (5мин).	8.00-8.40.	Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу, астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс отырып, ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Тамақты жегенде аузын жауып, асықпай жеуді пысықтау. Ертеңгі асты тастама, Нан қиқымын тастама, Бәріне ас болсын. Дәмді тағамнан бастада. Балаларға астарының дәмді болуын айту.				
Ойындар (саусақ және тіл жаттығулары) Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу	9.00-9.15.	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар.				
		1. Саусақ ойыны. Қорбаңбай аю». Сұқ саусағың мен аты жоқ кішкентай саусағыңды аюдың аяғы етіп, парта бетіне жүргіз. Он саусағыңды жазып, қолдарыңды айқастырып, кірпі жаса.	2. Қимылды ойын. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен, теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Өлең шумақтарына сай қимылдар жасайды.	3. Тіл жаттығулары. Ара болсаң, ызыңда, 3-3-3, ж-ж-ж, 3-3-3, ж-ж-ж, Жұмыс істе, тығылма. Ара қалай дыбыстайды? 3-3-3-ж-ж-ж.	4. Тыныс алу жаттығулары. «Сабын көпіршігін ұшырайық». Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. жаттығу 3-4рет орындалады	5. Саусақ ойыны. «Барабанда ойнаймыз». Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері.</p>	<p>9.15-10.45.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Т: «Көктем келді». М:тәрбиешінің сұрақтарына жауаптар айту,сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже:Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір ,табиғат ,қоршаған орта бейнелерін әңгімелеп беріп айтады. Көрнекіліктер:Табиғат бейнеленген суретер. 2 Музыка. Т: «Мұғ . жоспары бойынша». 3.Қоршаған ортамен танысу Т: «Экологиялық ертегілер бойынша саяхат». М:Табиғаттағы жүріс-тұрыстыңқабылданған ережелеріне сәйкес кейіпкерлердің әрекеттерін талдауға және бағалауға үйрету. Күтілетін нәтиже:Балаларды табиғат туралы ертегіні талдау кезінде өздерінің сезімдері туарлы әңгімелеу. Көрнекіліктер: Фетордан жасалған ертегі кейіпкерлері ертегі кітапша ,куыршақтар.</p>	<p>1.Сурет . салу Т: «Көктемгі гүлдер». М:Бояу мен түстерді тану мен ажыратуды қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:Қарапайым табиғат құбылыстарын,бейнелейді.Қ оршаған ортаның әсемдігіне ,гүлдерді түстеріне қарай салады. Көрнеіліктер:Көктем мезгілінің суреттері,фетордан жасалған түсті гүлдер. 2. Дене шынықтыру. Т:МҰҒ . жоспары . бойынша. 3.Құрастыру. Т:«Қанқыз». М:қалдық материалдарды пайдаланып құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже:Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластина дискіні үстінен жапсыра алады. Көрнекіліктер:Қанқызының суреттері , дискіден жасалған қанқызы.</p>	<p>1.Математика негіздері. Т: «Сандар туралы білімдерін бекіту.сан мен заттың арасындағы сәйкестікті табу.Алыс ,жақын.» М: 1,2,3, сандарын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру. Күтілетін нәтиже:Заттар шамасы бойынша әрүрлі болатындығы жайлы түсінеді,зат пен санның арасындағы сәкестікті табады. Көрнекіліктер:Тақтадаы сандар,кубиктер картоннан жасалған гүлдер. 2.Мүсіндеу. Т:«Түйме қызға арналған гүлдер.» М: Ермексаз кесектерінен ұзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып гүлдерді мүсіндей алуға үйрету. Күтілетін нәтиже:Пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдермен қолданып мүсіндей алады,домалақтау әдісін пайдаланып гүлдерді жасай алады. Көрнекіліктер:Гүлдердің суреттері, фетордан жасалған гүлдер,куыршақтар.</p>	<p>1.Жаратылыстану. Т: «Балабақша ауласындағы гүлдер». М: Аула гүлдерімен таныстырубалабақша ауласындағы гүлдерді бақылау жасау. Күтілетін нәтиже:Балабақша ауласындағы және маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін кеңету,өсімдіктер өсуіне қажетті кейбір жағдайларды біледі. Көрнекіліктер:Ауладағы бақша гүлдері мен түрлі гүлдердің суреттері . 2. Дене шынықтыру. Т:Мұғ . жоспары бойынша.</p>	<p>1. Көркем әдебиет. Т: « Туған жер». М: Балаларға туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру,табиғат тамашаларына көзқарасын бейімдеу ,түсінігі мен өз еңбегі арқылы бағалай білуге ынталы жасау. Күтілетін нәтиже:Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп,есте сақтауға,өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Көрнекіліктер:Табиғаттағы бейнеленген суреттер,өлең кітапша,балдырған журналдары. 2.Музыка Т:Мұғ . жоспары бойынша.</p>
<p>Серуенге дайындық Серуен.</p>	<p>10.45-12.30.</p>	<p>Киіну: реттілік, серуенге шығу Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу, 1.Көктемгі жауын, бұршақты бақылау. Мақсаты: Жауынның алғашқы белгілерін байқау, бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар, жауынның қалай құрылатыны туралы түсініктеме бекіту. 2. «Ауа райы». Мақсаты: аспан мен жердің айырмашылығын таныту, күндіз не болады, түнде не болады әңгімелету. 3.Қимылды ойындар:</p>				

Серуенне оралу		<p>Қимылды ойын : «Жаңбыр». Балалар алаңға шығады, «жаңбыр» белгісі берілгенде балалар үйге кіріп паналау керек, «Күн» белгісі берілгенде балалар сыртқа шығып жүгіруі керек. Мақсаты: балаларды берілген белгі бойынша жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінін аударуға және ұйымшыл болуға үйрету. Олардың есту қабілетін дамыту. 4. Табиғаттағы ауарайын бақылау. Мақсаты : жекелеген құбылыстарды айтып , ажырата білуге баулу , ауа райын ажырата білу. 5. Қайың ағашына бақылау. Мақсаты: Балаларға жалпы ағаштар жайында оның ішінде қайың ағашы жайында түсінік бері, өсу жолы мен пайдасын айтып өту, оларды сындырмауға аялауға тәрбиелеу. Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруды , қолдарын жуу.</p>				
Түскі ас.	12.30-13.00.	<p>Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің маңдайың . Тазалықтың досы, Су дегенің осы.</p> <p>Серуеннен кейін беті қолын жылы сумен жуу және үстел басына түскі асқа отырып , тамақтардың атауларын білу . Тамақты ретімен дұрыс ішуді , қасық және шанышқы , майлықты қолдануды нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау. Астың дәмді болуын айту.</p> <p>Шайың қызыл болсын. Наның тәтті болсын. Ішкен асың дәмді болып, Дастарханың мол болсын...</p> <p>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.</p>				
Ұйқы	13.00-15.10.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу, киім түймелерін , сырмаларын ағыту , оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	15.10-15.40.	<p>Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу , жаттығулар жасау . Төсектерін ұқыпты жинап , әр түрлі (түймелер, моншақтар , тастар және т.б) кілемшелер үстімен жүре отырып, жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру. Киімдерін ұқыпты өздігінен киіну. Түймелерін қадау , сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киуді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерін жөндеу . Қыз балаларды шаштарын тарап, жинап алуға дағдыландыру.</p>				
Бесін ас	15.40-16.00.	Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде , тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ , өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде әдептілік таныту.				
Вариативтік компонент	16.00-16.30.	<p>Санамақ ойыны: «Санамақ» ойыны арқылы саусақтың аттарын үйрете отырып балдардың тілін дамыту. Ойыншты тап» . Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Түсін, кішілігін ажыратып, түр-түсін білу</p>	<p>Логика . Т: «Пысықтаушы логика жаттығулары». М. Сан құрамын ажыратудың әр түрлі тәсілдері , ақыл – ой белсенділігін күшейту, шапшаңдылыққа , дәлдікке тәрбиелеу.</p>	<p>Мәнерлеп сөйлеу. Т: «Біздің балабақшада». М: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне , өзара</p>	<p>Пластилинграфия: Т: «Жайлау». М: Пластилинмен жұмыс істеу дағды-ларын қалыптас-тыру, модельдеуге қызығушылықтарын ояту. Пластилинмен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін</p>	<p>«Шебер қолдар». Мақсаты: Қағаздан не құрастырамыз? Балаларды қағаз түрлерімен , қасиетімен не жасауға болатынымен таныстыру</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс				сыйластыққа тәрбиелеу.	меңгеру және олардың көмегімен сюжетті суреттер жасау. Ұсақ моториканы дамыту. Эмоциялар мен қиялдарды дамыту. Кеңістік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды көркемдік талғамға тәрбиелеу.	
		<p>№ 23. Дидактикалық ойындар: Т: «Жануарларды қалай күту қажет?». М: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды үй жануарлар туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.</p>	<p>Жеке даму картамен жұмыс: Білім беру саласы: «Шығармашылық». 1. Қысқа және ұзын жолақтарды салу дағдыларын. 2. Дөңгелек пішіндерді кию дағдыларын .</p>	<p>Көркем әдебиет. Т: «Ертегілер әлемі». М: Балабақшада балалардың ертегі арқылы тілдерін дамыту, шығармашылығын дамыту, ертегіні мазмұнына сахналауға үйрету, рөлде ойнау шеберліктерін жетілдіру, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру .</p>	<p>№17. Сюжеттік ойындар. Т: «Теңізшілер. Теңіз астындағы қайық». М: Балаларды ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>№13. Дидактикалық ойындар: Білім беру саласы: «Өлеумет». Т: «Жалпы атауын ата». М: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.</p>
Серуенге дайындық	16.30-16.40.	Киіну: серуенге шығу, киімдерін ұқыпты өздігінен киіну				
Серуен	16.40-18.10.	. Серуенге қызығушылық туғызу. Шенберге тұрып, аулаға ұшып келген құстардың дауысын тыңдап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу. Балалармен жеке әңгімелесу.				

Балалардың үйге қайтуы .	18.10-18.30.	Ата аналарға кеңес: Ата-аналар өз балаларының дене тұрқы жағынан жақсы өскенін қадағалау, денсаулығын бақылау, тамақтану тәртібін қадағалау және тәрбиеге баулу.	Логопедтің кеңесі: Ойын арқылы балалардың танымдық тілдік дамуы және сөйлей білу қабілеттерін арттыру.	Балалар отбасында өздері не істей алатынындары , туралы әңгімелесу. Отбасында ата-аналарына көмектесу.Ата-анасы баласынан қызықты ертегі оқып беру және кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз жағын ажырата алуды түсіндіру.	Психологтың кеңесі: Өзгенің ойыншығын ойыншығын тартып алу, басқа балаларды ренжіту ,сияқты өрескел қылықтарға бейім болмауды ,өзін қалай ұстау қажет екенін балаларға түсіндіру.	Балалардың ата-аналармен жеке жұмыс . Балалардың тазалығы. Жеке тазалығына мән беру, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Тағы басқа ұқыптылыққа баулу
--------------------------	--------------	---	---	--	--	--

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Ш.Қ.

Циклограмманы тексерген әдіскер: Н.С.

Циклограмма
I – апта (04 - 08 Сәуір айы)
Ересек «Күнишуақ»(2021 – 2022 оқу жылы)
Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз».
Апта тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі».

Күн тәртібі.	Уақыт ы.	Дүйсенбі 04.04.2022ж	Сейсенбі 05.04.2022ж	Сәрсенбі 06.04.2022ж	Бейсенбі 07.04.2022ж	Жұма 08.04.2022ж
Ата-анамен әңгімелесу, ойындар, таңғы жаттығу.	8.00-8.40.	Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп сәлемдесу.				
		Жаттығулар кешені. Ойын – жаттығу. Арайлап таң атты, Арайлап күн шықты. Жылуын сыйлайды. Қайырлы күн балалар!				
Гигиеналық шаралар Таңертеңгілік ас.	8.40-9.00.	Тамақтану алдында қолын жуу, астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс отырып, ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Тамақты жегенде аузын жауып, асықпай жеуді пысықтау.				
		Дастарханыңнан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін. Асың дәмді болсын. Ырыс береке болсын.				
